



QAZAQ UNIVERSITETI



АПТАЛЫҚ
1948 ЖЫЛДЫҢ
20 СӘУІРІНЕН
ШЫҒА БАСТАДЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ WWW.FARABI.UNIVERSITY №2 (2005) 15 ҚАҢТАР 2026 ЖЫЛ

■ 15 қаңтар – ҚазҰУ-дың құрылған күні

ҰЛТТЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ОРДАСЫ

Құрметті әріптестер, оқытушы-ғалымдар,
университет түлектері, білім алушы жастар!

Сіздерді еліміздің ғылымы мен білімінің қара шаңырағы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылған күнімен шын жүректен құттықтаймын!

ҚазҰУ – бұл жай ғана жоғары оқу орны емес, бұл – ұлттың зияткерлік әлеуетін қалыптастырған, мемлекетіміздің дамуына өлшеусіз үлес қосқан бірегей ғылыми-білім беру орталығы.

Университет құрылған сәттен бастап академиялық еркіндікке, іргелі білімге, ғылым мен инновацияның үйлесімді дамуына берік негіз қалады. Өткен жылдар ішінде ҚазҰУ мыңдаған білікті мамандарды, көрнекті ғалымдарды, қоғам және мемлекет қайраткерлерін тәрбиелеп шығарды. Университет қабырғасында қалыптасқан ғылыми мектептер мен дәстүрлер бүгінгі күні де өз жалғастығын тауып, заманауи зерттеулермен, халықаралық серіктестіктермен және технологиялық жаңашылдықтармен толықтырылып келеді.

Бүгінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – жаһандық ғылыми-білім беру кеңістігінде лайықты орны бар, әлемдік рейтингтерде мойындалған, инновациялық инфрақұрылымы дамыған жетекші университет. Жасанды интеллект, жоғары өнімді есептеу, цифрлық технологиялар мен пәнаралық зерттеулерді дамыту арқылы университет ғылым мен білімнің жаңа сапалық деңгейіне көтерілуде. Тоқсан жылдан астам тарихы бар еліміздегі көшбасшы жоғары оқу орны бүгінде дүниежүзіндегі үздік 200 университеттің қатарында тұр.

Алғашқы кезеңде 54 студентпен ашылған университетте қазіргі таңда 30 мыңға жуық білім алушы бар. 92 жыл бұрын физика-математика жө-



не биология факультеттері ғана жұмыс істесе, қазір олардың саны 16-ға жетті. 1941 жылға дейін 14 білім беру бағдарламасы бекітілсе, қазіргі таңда олардың саны 550-ден асты. Университетте әлемнің 54 елінен келген 7000-нан астам шетелдік студент білім алуда. Әлемнің 700-ден астам жетекші жоғары оқу орнымен серіктестік байланыс орнатылған.

2022 жылы Мемлекет басшысының Түркия мен Қырғызстанға ресми сапары аясында Ыстамбұл мен Бішкек қалаларында ҚазҰУ филиалдары ашылды. 2025 жылы ҚазҰУ филиалы Омбы қаласында құрылды. Сондай-ақ университет базасында Ресейдің МИФИ Ұлттық ядролық зерттеу университетінің және Қытайдың Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалдары жұмыс істейді.

Бүгінгі күні ҚазҰУ QS әлемдік рейтингінде 166-орында тұр

және Азиядағы үздік 40 жоғары оқу орнының санатына енген.

Білім ордасы студенттер үшін 120 мамандық бойынша Еуропа, АҚШ, Оңтүстік-Шығыс Азия және Ресей университеттерімен қос диплом бағдарламаларын жүзеге асырып келеді. Оқу орны халықаралық байланыстарды, университеттік ғылымды және заманауи инфрақұрылымды дамытуға ерекше мән береді. Соңғы екі жылда 50 заманауи зертхана іске қосылып, 80 миллион АҚШ долларынан астам инвестиция тартылды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми-білім беру және инновациялық экожүйенің флагманы ретінде дамып, цифрландыру мен жасанды интеллект саласындағы ұлттық басымдықтарды іске асыруға белсенді түрде қатысып отыр. Соның ішінде ірі мәліметтерді талдау, қолданбалы математика, биоинформатика, климаттық мо-

дельдеу және инженерлік ғылымдар бойынша көпсалалы зерттеулер жүргізілуде.

ҚазҰУ суперкомпьютері білім беру мен ғылыми зерттеулерге енгізіліп, тілдік модельдер әзірлеу, генетикалық деректерді өңдеу, климаттық болжамдар жасау және инженерлік шешімдер дайындау сияқты фундаменталды және қолданбалы зерттеулерде қолданыла бастады.

FARABI HUB инновациялық-технологиялық хабы, Farabi Robotics орталығы, Халықаралық цифрлық технологиялар және робототехника институты, «Қашықтықтан зондтау және қолдану технологиясы», «Тұрақты даму және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану» ғылыми орталығы, Farabi Chem Science кластері, 3 Тесла MPT аппараты бар Ми институты, сондай-ақ ұшқышсыз ұшу аппараттары және заң шығару процесінде жасанды ин-

теллекті енгізу саласындағы зерттеу және өндірістік алаңдар сәтті жұмыс істеуде. Құрылған база университетке білім мен технологиялық шешімдердің негізгі орталығы болуға мүмкіндік береді. Бұл жетістіктер, ең алдымен, университет ұжымының табанды еңбегінің, профессор-оқытушылар мен ғалымдардың кәсіби шеберлігінің, студенттердің білімге деген құштарлығының нәтижесі.

Сіздердің әрқайсыңыз ҚазҰУ-дың бүгінгі биігі мен ертеңгі болашағын бірге жасап келесіздер. Тарихқа көз жүгіртсек, 1966 жылы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың шешімімен арнайы жер телімі бөлініп, 1972 жылы ҚазҰУ қалашығындағы алғашқы құрылыс жұмыстары басталды.

2022 жылы білім ордасына «зерттеу университеті» мәртебесі беріліп, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолдауымен ҚазҰУ қалашығы құрылысының екінші кезеңі басталды. Биыл жыл басында ҚазҰУ қалашығында әрқайсысы 1000 орынға есептелген тоғыз қабатты бес жатақхананың құрылысын бастауға байланысты естелік капсула салу рәсімі өтті. Бұдан бөлек, оқу корпустары, спорттық-сауықтыру орталығы, қызметкерлерге арналған тұрғын үйлер, инновациялық орталық, ғылыми-зерттеу орталығы және технопарк салу жоспарланған.

Біз ҚазҰУ-ды дамыту мен жаңғыртудың жаңа дәуірінің табалдырығында тұрмыз. Бұл – сапалы білім алуға, ғылыми қызметті дамытуға және студенттік өмірді жаңа деңгейге көтеруге тың мүмкіндіктер ашатын тарихи кезең.

Көшбасшы университетіміздің абыройын бірге көтеріп, жаңа белестерді бірге бағындыру жолында бірлесе еңбек етуге шақырамын.

Осы мерейлі күні баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға құт-береке, ғылым жолындағы еңбектеріңізге мол табыс тілеймін!

Құрметпен,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы –
Ректор
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

2-5 беттер

FARABI – ЖИ
дәуіріндегі
жетекші
университет

6-7 беттер

ҚазҰУ-дағы
жөндеу
жұмыстары

8-бет

Студенттерге
имидждік
киімдер
сыйға
тарылды

FARABI – ЖИ дәуіріндегі жетекші университет

- 30 мың студент
- 16 факультет
- 15 студенттер үйі
- 550+ білім беру бағдарламасы
- 60+ қос дипломды бағдарлама
- QS WUR – 166-орын
- QS AUR – 38-орын

2022 ЖЫЛ – «ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» МӘРТЕБЕСІ

- 8 ғылыми-зерттеу институты
- 39 ғылыми орталық
- 140 зертхана
- 400 ғылыми жоба

- 50 заманауи зертхана
- 110+ млн \$ инвестиция





FARABI HUB

Инвестиция – 20,55 млн \$
Ауданы: 8800 шаршы метр

- ZTE, Ericsson, «ZooStan» орталығы (Франция)
- «Қашықтықтан зондау» қазақ-қытай зертханасы
- ҚХР СБПУ микроспутниктер зертханасы
- Орталық Азия-Германия экологиялық институты (CAGE)\



SUPERCOMPUTER CLUSTER

«Бір белдеу – бір жол» – 23 млн \$

- Әлемдегі 600 суперкомпьютердің бірі
- Есептеу өнімділігі – 2000 TFLOPS
- Архитектурасы Intel + NVIDIA
- Генетикалық деректерді өңдеу
- Қазақ тілінің моделін (LLM) әзірлеу
- Климаттық модельдеу
- ЖИ және «Big Data» шешімдерін ұсыну



FARABI ROBOTICS ОРТАЛЫҒЫ

Дүниежүзілік банк гранты – 1 млн \$

- KUKA компаниясының өнеркәсіптік роботтары
- Индустрия 4.0 үшін кадр даярлау
- Өндірісті автоматтандыру
- Ортақ келісім: «Astana Motors», «Hyundai»



ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ РОБОТОТЕХНИКА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

Huibo Robotics компаниясы – 3,38 млн \$
Жалпы ауданы – 600 шаршы метр

- 13 заманауи робот
- Өндірістік, сервистік роботтармен тәжірибе
- Ақылды басқару жүйесін әзірлеу





«ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ» ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫ

10 зертхана, Мегагрант – **7,57 млн \$**

- Батыс Қазақстанның экологиясын зерттеу
- Каспий теңізіне мониторинг жүргізу
- Ландшафт динамикасын бақылау
- Климаттық қауіп-қатерді болжау



POLYU-KAZNU: ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ

ҚХР Гонконг политехникалық университеті – **1,01 млн \$**

- Орталық Азияның тұрақты дамуын зерттеу
- Отандық туризм саласын жетілдіру
- Әлеуметтік талдау жүргізу



«ҚАШЫҚТЫҚТАН ЗОНДАУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ» ЗЕРТХАНАСЫ

ҚХР Ғылым академиясы Шыңжаң экология және география институтының гранты – **1,95 млн \$**

- Арал теңізін зерттеу
- Экожүйелердің деградациясын анықтау
- Құрғақшылықпен күрес
- Орал өңірінің ресурсын болжау



«FARABI CHEM SCIENCE» КЛАСТЕРІ

9 зертхана, инвестиция – **6,50 млн \$**


- Литий триборат кристалын өсіру (500 г – 10 мың \$)
- Литий-ионды батареялар баламасы



«ГАЛЬВАНИКАЛЫҚ ҚАПТАМАЛАР» ҒЫЛЫМИ-ӨНДІРІСТІК ОРТАЛЫҒЫ

«Ғылым қоры» – **1,99 млн \$**

- Коррозияға төзімді жабындар
- Медицинаға арналған фитопрепараттар
- Гидрогельді таңғыштар
- Антибактериалды материалдар



«ZOOSTAN» АРХЕОЗООЛОГИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Франция үкіметі – **1,05 млн \$**

- CNRS мекемесімен серіктестік
- Орталық Азиядағы археологиялық қазбалар
- Сүтқоректілердің жасын анықтау
- Жануар сүйектеріне протеомдық талдау





МИ ИНСТИТУТЫ

Инвестиция – 5,7 млн \$

- Когнитивтік нейроғылым
- Есептеу нейроғылымы
- Жасушалық және молекулалық нейроғылым
- Нейролингвистика
- Мінез-құлық нейроғылымы



ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕРДІ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ


Инвестиция – 4,93 млн \$

Биологиялық қоспалар:

- Вирусқа қарсы
- Имунитетті көтеру
- Әйелдер денсаулығын дұрыстау
- Бауырды күту

Фитошайлар:

- Қан қысымын қалыпты ұстау
- Қант диабетін жою
- Асқазан жұмысын реттеу



ҚР ЗАҢ ШЫҒАРУ ПРОЦЕСІНЕ ЖИ ЕНГІЗУ

Нысаналы қаржыландыру – 1,1 млн \$

- Заманауи құқықтық база құру
- Заңнама сапасын арттыру
- Заңнамалық процесті оңтайландыру



ҚАЗАҚСТАН – АҚШ ЦИТОМАТРИЦАНЫ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ


Инвестиция – 1 млн \$

- Цитоматрица құрылымын талдау
- Жасуша ішіндегі клеткалық процестерді сараптау
- Қатерлі ісік жасушаларының биологиясын зерттеу
- Биомедициналық ғылымды дамыту



«ZTE» ЗЕРТХАНАСЫ

- Ультразвуктық платформалар
- Көпжылдықты жүйелер
- ЖИ технологиялары
- Кеңжақты антенналар



«BASF MINING SOLUTIONS» ЗЕРТХАНАСЫ

- Тау-кен өнеркәсібін флотациялық зерттеу
- Гидрометаллургиялық процестерді оңтайландыру
- Өнеркәсіптік реагенттерді сынақтан өткізу





ҰШҚЫШСЫЗ ҰШУ АППАРАТЫН (ДРОН) ӘЗІРЛЕУ ЦЕХЫ

Инвестиция – **13,8 млн \$**

- Конструкторлық және инженерлік аймақ
- Жинақтау және интеграция аймағы
- Бағдарламалық зертхана
- Тестілеу және симуляция аймағы




ДЕМЕУШІЛЕР ИНВЕСТИЦИЯСЫ

- Оқу аудиторияларын жабдықтау – **257 мың \$**
- Автобус қайтарымсыз сыйға берілді – **174 мың \$**
- Аумақты абаттандыру (брусчатка төсеу) – **1,5 млн \$**



ИНВЕСТИТОРЛЫҚ ҚОЛДАУ

- Стадионды қайта жаңарту – **1,77 млн \$**



13.12.2025 ЖЫЛЫ «ҚАЗАҚСТАН – ҚЫТАЙ» НАНОСПУТНИГІ 530 КМ БИІКТІКТЕГІ ОРБИТАҒА ҰШЫРЫЛДЫ



КҮН ПАНЕЛЬДЕРІ ОРНАТЫЛДЫ

- Сегіз факультеттің ғимараты күн панельдерімен жабдықталды.
- Энергия өндіру станциясы келісім шеңберінде Қытай тарапымен бірлесіп 20 мың шаршы метр аумаққа салынды.
- Болашақта ҚазҰУ қалашығындағы барлық факультеттер мен жатақханалар күн панельдерімен қамтамасыз етіледі.



УНИВЕРСИТЕТ ҚАРЖЫСЫ ЕСЕБІНЕН

- Инфрақұрылымды жаңғырту – **8,2 млн \$**



ҚазҰУ-дағы жөндеу жұмыстары





Студенттерге имидждік киімдер сыйға тартылды



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевтың тапсырмасымен студенттерге оқу ордасының брендтік имиджін айқындайтын арнайы киімдер табысталды. Бұл игі шара жастардың университетке деген мақтаныш сезімін арттырып, корпоративтік мәдениетті нығайтуға бағытталған.

Имидждік киімдер студенттердің белсенділігін қолдауға, сондай-ақ оқу орнының біртұтас стилін қалыптастыруға ықпал етеді.

